

Абилхайрова Г.

Қазақ әдебиетіндегі әскери прозаның қалыптасуы

Мақалада қазақ әдебиетіндегі әскери прозаның қалыптасуының өзекті мәселелері сөз болады. Мақала қазақ әдебиетіндегі жалпы соғыс тақырыбының табиғатын аша келіп, осы пікір негізінде ой дамытып, айтылар өзекті мәселені сол тұстағы ел тағдырымен байланыстыра ұтымды ашқан. Соғыс жылдары белсенді болған шағын жанрлар әдебиетіміздің тарихынан өзіндік орын алады. Мазмұны жағынан үгіттік сипаты басым келетін бұндай туындылардың соғыс уақытының талабы мен халық мақсатын біріктірудегі тәрбиелік маңызы зор болды. Әдебиет пен әскери өмірдің арасын шеңдестіріп, әскери әдебиеттің негізін қалаған әрі ержүрек батыр, әрі қаламгер Бауыржан Момышұлы пікірлеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі әскери прозаның қалыптасуы мен даму мәселелерін қарастырады. Майдан даласының шындығын әдебиетте құжаттық негіздерге сүйене отырып көркем прозаға айналдырды, естеліктер, қанатты сөздері оны философ ретінде танытты, ал хаттары қазақ әдебиетіндегі әлі де болса айтарлықтай өз отауын құрып үлгермеген эпистолярлық жанрды танытады. Қазақ халқының батыр ұлы құнарлы дүниелерді туындата отырып, қазақ әдебиетіндегі соғыс туралы жазылған көркем шығармалар туралы сыни пікірлері мен ойларын барлық уақытта жариялап отырған. Автор осы мәселелерді айта келе, өз пікірін нақты мысалдар негізінде дәлелдейді.

Түйін сөздер: әскери проза, соғыс тақырыбы, ерлік, патриотизм, эпистолярлық жанр.

Abilkhairova G.

Formation of military prose in the kazakh literature

This article deals with the problems of Kazakh literature during the 2nd World War. Human values, existential questions of philosophy of life are told in literary works which were written on military theme. In this article actual problems of formation of military prose in the Kazakh literature will be considered. Emphasizing features of a military subject in the Kazakh literature and developing this thought, article faultlessly opens this actual problem, connecting it with destiny of the people of a military era. Differing in the vivacity, small genres of military years, deserved a special place in the history of domestic literature. Generally according to the contents they were propaganda character and had the special purposes. Such works had very important educational role in a unification of requirements of military times and desires of the people. Relying on thoughts of the brave and courageous batyr and at the same time writer, Bauyrzhan Momyshuly who established connection between literature and military destiny and I based military literature, problems of formation and development of military prose in the Kazakh literature are considered. Period when reached apogees its development of military-patriotic themes in Kazakh literature were the years of the Great Patriotic War.

Key words: military prose, military subject, boldness, patriotism, epistolary genre.

Абилхайрова Г.

Формирование военной прозы в казахской литературе

В данной статье будут рассматриваться актуальные проблемы формирования военной прозы в казахской литературе. Подчеркивая особенности военной темы в казахской литературе и развивая эту мысль, статья безупречно раскрывает данную актуальную проблему, связывая ее с судьбой народа военной эпохи. Отличающиеся своей живостью, малые жанры военных лет, заслужили особое место в истории отечественной литературы. В основном, по содержанию они были агитационного характера и имели особые цели. Такие произведения имели очень важную воспитательную роль в единении требований военных времен и желания народа. Опираясь на мысли отважного и смелого батыра и в то же время писателя, Бауыржана Момышұлы, который установил связь между литературой и военной судьбой и основал военную литературу, рассматриваются проблемы формирования и развития военной прозы в казахской литературе. В годы Великой Отечественной войны все жанры казахской литературы: и проза, и поэзия, и драматургия, и очерки с публицистикой с талантливых рук писателей и поэтов, драматургов и публицистов превратились в мощную духовно-моральную силу против недоброжелателей.

Ключевые слова: военная проза, военная тема, отважность, патриотизм, эпистолярный жанр.

ӘОЖ 82(091)

Абилхайрова Г.,

Х. Досмухамбетов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
 II курс магистранты, Атырау қ., Қазақстан,
 e-mail: zhaili_1965@mail.ru
 Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. к. доценті Балтоғаева Ж.Е.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘСКЕРИ ПРОЗАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Көркем әдебиеттегі әскери әдебиет – түркі халықтарында көне дәуірден күні бүгінге дейін дәстүрлі жалғасын тауып, дамып келе жатқан құбылыс.

М.Әуезов «Көркем әдебиеттегі патриотизм тақырыбы» деген мақаласында біздің отанымызда, батырлар отанында батырлық барша әлем көлемінде алып қарағанда өте жоғары бағаланатынын атап көрсеткен. Ұлы жазушы көп халықтар мен бірге қазақ халқының да жауынгерлік дәстүрі бар екендігін еске сала отырып, әр халықтың эпостық батырларының есімдерінде халық күшінің және ерлігінің бейнесі туралы да айтады. Батырлықты, ерлікті, елдікті адалдықты, әділдікті, адамгершілікті жырлайтын ауыз әдебиетіміздегі батырлар жыры мен эпостары, Махамбеттің дабылды да дауылды жырлары әскери әдебиетіміздің негізі деп айтуға болады.

Соғыс кезінде өмір мәні, тіршілік құны адам баласы үшін қымбатқа түседі, Ұлы Отан соғысының қасіреті де адамзат санасында теңдесі жоқ трагедия әкелді. Қарапайым халық үшін тұтқиылдан жасалған фашистік шабуыл, тосын психологиялық жағдай теңдесі жоқ қорқыныш сезімін туғызды. Бейбіт өмірдің күрек ұстаған еңбекшісінен ажал оғын төккен майданға еніп жауынгер психологиясын қабылдаған адам баласының қорқыныш сезімінен босауы мүлде мүмкін емес еді. Бірақ, оқ пен ажал алаңында өмірдің мәнін парықтаған әр жауынгердің жүрегінде рухы оянып, өз бойындағы қорқынышты қуып, тіршілік үшін тағдырмен арпалыс сағаты басталды. Олардың ерлігі елге қуат беріп, соғыс жылдары әдебиеттің де жауынгерлігі, яки, әскери сипаты артты.

Әдебиет пен әскери өмірдің арасын шендестіріп, әскери әдебиеттің негізін қалаған әрі ержүрек батыр, әрі қаламгер Бауыржан Момышұлы жан – жақты да, сан қырлы адам, қоғам қайраткері. Ол майдан даласында сұрапыл соғыстың стратегиясы мен тактикасын терең игергендігімен танылып теориялық білімін тәжірибеге шебер ұштастыра отырып соғыстан кейінгі бейбіт өмірде сол тәжірибесі негізінде әскери өмір теориясын, психологиясын жазды. Майдан даласының шындығын әдебиетте құжаттық негіздерге сүйене отырып көркем прозаға айналдырды, естеліктер, қанатты сөздері оны философ ретінде танытты, ал хаттары қазақ әдебиетіндегі әлі де болса айтарлықтай өз от-

ауын құрып үлгермеген эпистолярлық жанрды танытады. Қазақ халқының батыр ұлы өзі көптеген құнарлы дүниелерді туындата отырып, қазақ әдебиетіндегі соғыс туралы жазылған көркем шығармалар туралы сыни пікірлері мен ойларын барлық уақытта жариялап отырған. Оның бұл еңбегі қазақ әдебиетіндегі әскери әдебиеттің табиғатының дұрыс танылуына, теориясының қалыптасуына үлкен білімнің күшімен орындар ерен қызметі. «Мен соғыс тақырыбына жазылған әдебиеттерді оқыған кезімде олардың көпшілігінің шындыққа сай келмейтінін көзім жетті. Баспаханың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптарда болады. Мен баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын оқыдым. Соғыс туралы өнер туындыларының ғұмыры қысқа болатындығы, олардың көркемдік жағы соғыс қимылдарының шындығынан мүлдем алыс жататындығында, яғни менің айтайын дегенім үлкен шындық тұрғысында нағыз өмірдің ақиқатын жинақтай алмауда болса керек.» [1, 39]

Қазақ әдебиетінде де әскери – патриоттық тақырыптың шарықтай өрістеген кезеңі – Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Бұл жылдары қазақ әдебиетінің барлық жанрлары: прозада, поэзия, драматургия, очерк пен публицистика да дұшпанға қарсы рухани зор күшке айналды.

Әскери өмірді беруде әдебиет алдында соғыстағы адам психологиясын, «солдаттың мұңы мен сырын, әке мен ананың қайғысын, жары мен туыстың сағынышын» [2, 7] кеңінен ашып көрсету міндеті тұрды. Ендігі жерде елдегі бейбіт өмір құрылысы соғыс талабына сай құрылды да, әлбетте, осы кезеңдегі әдебиет осы тарихи оқиғаны басты мәселе етті. Осыған дейін өмір болмысына терең бойлап, заман шындығын шынайы жырлап келген қазақ әдебиетіне жауынгерлік тақырыбы – тарихымыздың жалпы сипатының негізгі бір қырындай қалыптасқан етене тақырып еді. «Жауынгерлік тақырыбы қазақ әдебиетіне бұрыннан да жат емес еді. Қаһармандық эпос пен әр қилы жаулаушылық кезінде туған халықтық лириканың үлгілері де болған. Отызыншы жылдарда Отан қорғау тақырыбының кең қойылуы да қазақ әдебиетінде жаңа ізденістерге жол ашқан. Алайда мынандай төтен соғысты қазақ халқы басынан кешірмеген – ді. Сондықтан жаңа дүниежүзілік соғыс жағдайында әдебиетті дамыту оған жаңа мазмұн, жаңа сапа беру бағытында жүруі керек болды» [2, 21].

Соғыстан кейінгі әдебиет міндеттері елдегі бесжылдық жоспармен тығыз байланысты бел-

гіледі. Ол соғыс қиындықтарын өз басынан өткеріп келіп енді елдегі бейбіт еңбекке араласқан адамның өмірі мен еңбегін көркемдікпен бейнелеу еді. Кеңес үкіметі жазушысының алдына тағдырының азабын арқалаған, жаны мен тәні соғыс зардабы салған жаралардан сыздаған, құрбан болған жас тағдырлар мен жетім-жесір қалған жандардың қайғысына куә болған адамнан заман қаһарманын сомдау, оның ішкі сыры мен қалыптасу жолының күрделі де қиын құбылысы қойылды.

Соғыс тақырыбы содан бері өткен уақыт ішінде кең өріске шығып, көптеген көркем туындыларға негіз болды, көптеген қазақ әскери әдебиетінің мазмұндық, тақырыптық – ауқымдық дәрежесін көтерген, кеңейткен дүниелердің келуіне себепші болды. Ең басында уақыт және идеология талабына сай ұсақ жанрлық дәрежеден ірі сом сурет биігіне көтерілген қазақтың патриоттық әдебиеті қазір оқушы қауымына кеңінен таныс көптеген шығармалар жасады. Алғашқы кезеңде соғыс тақырыбына қалам тартушылардың дені – Ұлы Отан соғысы майдандарында жаумен тікелей арпалысқан жауынгерлер еді. Соғыс басталысымен Қазақстан жазушыларының сол кездегі құрамының сексен пайызы өз еркімен майданға аттанды. Соғыс жеңіспен аяқталған соң Кеңестік Армия қатарынан елге қайтқан жауынгерлер есебінен республикамыздың жазушылары сапына жиырма бес – отыз сержант пен офицер қосылды.

Сонымен, соғыс жылдары тек шағын жанрлар ғана белсенділік таныта алғаны әдебиетіміздің тарихынан бәрімізге мәлім. Мазмұны жағынан үгіттік сипаты басым келетін, арнайы міндеттер арқалаған бұндай туындылардың соғыс уақытының талабы мен халық мақсатын біріктірудегі тәрбиелік маңызы зор болды. Ұлы Отан соғысы өзге елдер секілді қазақ әдебиеті үшін де тосын да төтенше тақырып және үлкен тарихи сабақ болды. Соғыс жылдарының соңына қарай қайта оянған көлемді жанрлар да соғыс шындығын, әскери өмір психологиясын көрсетуде өз тәжірибелерін солдаттың яғни жеке адамның ішкі сезімін, ерлігін, рухын жырлаудан бастады. Бұл тұрғыдан, әрине, соғыстың сұрапыл қырғынын көріп, өмір мен өлім таласында ажал оғымен арпалысты өз бастарынан кешірген қаламгерлердің орны бөлек. Елдегі жағдай рухани, мәдени өмірдің кең көлемде дамуына кедергі болғанына қарамастан, қазақ әдебиеті осы тұста уақыт талабына сай әскери әдебиеттің негізін қалап, соғыс философиясын жете меңгеріп және әлем әдебиетімен бірге басқыншылық соғысқа

қарсы үн қосты. Дегенмен, «соғыстың бес жылы ішінде қазақ әдебиеті іргелі үлкен шығармалар туғыза алған жоқ. Соғыс пен оның адам басына түсірген қасіреті жайлы ойлану, оны ерлікпен көтерген адамның жігер – қайратын бейнелеуге ұмтылыс кейін, соғыс шындығын ой елегінен өткізгеннен соң ғана жүзеге асты.» [2, 9]

Қазақ әдебиетінде тіршіліктің мәнін ашудың бірден – бір әлемдік деңгейге көтерілген тұсы немесе әдебиеттің өзіне тән ұлттық айырмашылықтары мен ерекшеліктерін сақтай отырып өзге елдермен контактілік – генетикалық, типологиялық ұқсастық бағыттырға байланысты дамыған кезеңі соғыстан кейінгі жылдар болса, негізгі нысана соғыс тақырыбы болды.

Сондай-ақ, өмір сұрағына, яғни, жаратылыс пен адам арасындағы қарым-қатынас, қайшылық, байланыс немесе бүгінгі тілмен айтсақ адам өмірінің құны мен тіршілік мәні сұрақтарына тереңдеу қажеттілігі тұрды. Себебі, соғыс ұғымы өмір мен өлім мотивіне тікелей қатысты болғандықтан да, бұл тақырыпқа қалам тартатын әрбір жазушыға даналық үшін философиялық ұшқарылық, нәзіктік үшін психологиялық тереңдік, нақтылық үшін тарихи білімділік мақсат болса керек. Бұл мақсаттың ең басты талабы жазушының шығармашылық еркіндігі болса, кеңес үкіметі тұсындағы жазушылар үшін ең бір тиым салынған дүние де осы болды. Бұл мақсатта Коммунистік партия басқа жүйемен бірге әдебиет пен өнер саласына да өзінің

идеологиялық саясатын дайындады. «Мұндай қуғындаулар мен асыра сілтеулер коммунистік партияның жергілікті ұлттарға сенбеуінен, олардың ұлттық мүдделерімен есептеспей күштеп ұстау саясатынан туындаған еді.» [3, 13] Бұл саяси қысым ұлт санасына қорқыныш психологиясын қайта ұялатты. 1937 жылғы қырғыны, ажал төккен соғыс қайғысынан кейінгі «ұлтшылдық» саясаты намысқа қайралып өскен қазақ елінің жігерін жасытып, шешімі жоқ сұрақтың жауыбын іздегендей күйге салды. Қазақ елі үшін қорқыныш үрейге, үрей суық хабарға, хабар ажырасуға, ажырасу жоғалтуға, ең ақырында өлімге апаратын суық кезең қайта туындай бастады. Қазақ жазушысына ұлтының саяси – қоғамдық өміріндегі осындай әділетсіз қысымды, қайғыны көре отырып өзінің шығармашылық қызметін жалғастыруға, онда бейбіт өмір образын сомдауға, жаңа адам бейнесін жасауға, қоғамдық өмір жаңалықтары мен жетістіктерін жырлауға тіпті мадақтауға тура келді. Соғыстан кейінгі әдебиет өкілдері үшін бұл ар азабын арқалаған, жаны үшін қорыққан, шығармашылық еркіндігін жойған аса қиын әрі күрделі кезең болды.

Дегенмен, бұл қазақ жазушыларының бар қиындыққа қарамастан ізденіп, ұлт әдебиетінің дамуына өзіндік қолтаңба қалдырулары ерлік мен азабы тайталасқан халық тағдырының төмендемеген рухының тарихтағы тағы бір көрінісі болды.

Әдебиеттер

- 1 Баукеңнің белгісіз хаттары / Хаттарды әзірлеген А. Мәди // Алматы ақшамы, 5 қаңтар, №1.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы: Кеңес дәуірі. 1941- 1956. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006.

References

- 1 Bawkegning belgisiz hattari' / Hattardi' a'zirlegen A. Ma'di'' // Almati' aqshami', 5 qangtar, №1.
- 2 Qazaq a'debi''etining tari''hi': Kenges da'wiri. 1941- 1956. – Almati': QazAqparat, 2006.

Аболова Г.А.

**Қ.Б. Сейталиевтің
мұраларындағы еңбек арқылы
тәрбиелеудің психологиясы**

Бұл мақалада профессор Қ.Б.Сейталиевтің еңбектерінде жас ұрпақтың жеке тұлға ретінде қалыптасуына және дамуына талдау барысы қарастырылады. Қазақстандағы педагогика теориясындағы оқушыларды қоғамдық еңбекке тәрбиелеу проблемасы еңбек тәрбиесінің ең маңызды бөлігі болып табылады. Профессор Қ.Сейталиевтің айтуы бойынша саналы тәртіпсіз оқу мен тәрбие жұмысының табысқа жетуін қамтамасыз ету, берік ұжым құру, оқушылардың адамгершілігін арттыруға қол жеткізу, еңбекке сүйіспеншілікпен қарап және құрметпен қарауды, бар күш-жігерін аямай еңбек ете білуді тәрбиелеу мүмкін емес. Бұл жерде оқушының қалыптасуы және дамуында олардың тәртіпті болуы, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп дұрыс ұйымдастырған әрі танымдық белсенділіктерін арттыруға негізделген тиімді сабаққа байланысты екенін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: мінез-құлық, жас ұрпақ тәрбиесі, тұлғалық ерекшелік, мадақтау әдісі.

Abolova G.A.

**Psychology of labor education in
the Pedagogical heritage
of K.B. Seytaliev**

Formation and development analysis of young generation as an individual in proceedings of Seitaliyev K.B. is considered in this article. In Kazakhstan the main part of labour education is the problem of pupil's social works in pedagogical theory. As Seitaliyev said, it is impossible to provide conscious undisciplined education and achievement of pastoral works, to build strong group, to reach rising of pupil's morality, to respect and cultivate labour. Pupil's development and formation related to their discipline, well organized and based on rising of cognition, effective lessons which taking into account their distinctions is indicated.

Key words: character, education of the younger generation, personal characteristics, methods of promotion.

Аболова Г.А.

**Психология трудового
воспитания в педагогическом
наследии К.Б. Сейталиева**

В этой статье рассматривается анализ формирования и развития юного поколения как частного лица в трудах Сейталиева Б.К. Проблема воспитания общественному труду учеников педагогической теории в Казахстане является важной частью трудового воспитания. По словам Сейталиева Б. невозможно обеспечить сознательное не дисциплированное обучение и достижения воспитательных работ, построить крепкий коллектив, достичь повышения нравственности учеников, научить с уважением относиться к труду, с любовью и уважением воспитать трудолюбие. Здесь указывается, что развитие и формирование учеников связано с их дисциплинированностью, с правильно организованными и основанными на повышении познавательности, эффективными уроками, учитывающие возрастные особенности.

Ключевые слова: характер, воспитание молодого поколения, личностные особенности, приемы поощрения.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
 II курс магистранты, Атырау қ., Қазақстан,
 e-mail: guldana78_01@mail.ru
 Ғылыми жетекші – пс. ғ. к. доценті Ж.Н. Сабирава

Қ.Б. СЕЙТАЛИЕВТІҢ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Профессор Қ. Сейталиев азамат, қайраткер, жеке тұлға ғана емес, оқыту, білім беру, тәрбие мәселелеріне өзіндік үлес қосқан психолог, педагог – ғалым болып табылады. Қ. Сейталиевтің педагогикалық және психологиялық қазіргі мұраларында білім беру, оқу – әдістемелік мәселелерге сай материалдар кеңінен қамтылады.

Профессор Қ. Сейталиевтің ғылыми мұраларын зерттеуде, оқушының қалыптасуында жас ұрпақтың мәдениеті, оқушылардың жарасымды мінез-құлықты адамдар арасындағы ізгі қарым-қатынасы, тұлғалық ерекшеліктері де ғалым көзқарасынан да қалыс қалмайды. Профессор Қ. Сейталиев жас ұрпақты дамыту мен тәрбиелеуде еңбек тәрбиесінің адамның бар жақсылық қылықтары мен мәдениеттілікке машықтану тәрізді іс-әрекеттерін құптайды. Бұған оқушының жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзі, мінез-құлқы, киім киюін жатқызады.

Автор адамның өз сәніне, сөйлеу мәнеріне де көңіл бөлуін – яғни сыртқы және ішкі мәдениетінің ұштасуы адамның жан – жақты дамуының бір кепілі екендігін дәлелдей келе: «Біріншіден, шашыңды иығыңа түскенше немесе маңдайыңды жапқанша өсірме. Екіншіден, шашыңды тарап жүр. Оны қайызғақтан, биттен сақта. Үшіншіден, бас киімің, аяқ киімің және белбеуің таза болсын. Оларға тозаң жұқтырма. Сөйлескенде, біріншіден – үйрену немесе үйрету үшін сөйле, бұлай болмаған күнде үндеме. Екінші егер сөйлегің келсе, ақылға алып, тіліңді меңгеріп ал. Олай болмаған күнде, басқа бір нәрсені шатастырып сөйлеуің мүмкін. Үшінші, сөйлеген сөзің анық, айтқанда түсінікті болсын. Төртінші – сөйлеген адамның, дауысы байсалды, айқайсыз болсын, я барлық денең қимылдамасын. Алтыншы, біреуден бір нәрсе сұрасаң, я оған жауап берсең, сөзіңді қысқа анық айтып отыр», – деп мінез-құлық ережелерін де талдап береді [1, 45].

Өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, қоғам дамуының өзгерісіне қарай оқушы жастардың көпшілігінің азаматтық, адалдық, борыш, жауапкершілік, адал да пайдалы еңбек ету т.б. тәрізді құбылыстарға немқұрайлылығы басым.

Ата-аналар тарапынан жиі ұшырасатын бала тәрбиесіне көңіл бөлмеу және қатігездік көрсету олардың үйден қашып кетуіне, қаңғыбас болуына, қылмыс жасауына әкеп соқтыруда. Бұған қоса

соңғы жылдары міндетті оқу туралы заңды орындаудың әлсіреуі салдарынан біз балаларды оқуға тарту ісін төмендетіп алдық. Мектептердегі тәрбие жұмысындағы үстірттік, тұлға тәрбиесін жетілдірудегі екіұштылық, тәрбие жұмысын құрғақ үгітке құру, оқушылармен өткізілетін шаралардың тек санын қуалаушылық т.б. келеңсіз жағдайлар тұлғаны еркіндігінен айырады.

Осыған орай жас ұрпақты дамыту, қалыптастыру мәселелері педагог Қ. Сейталиевтің еңбектерінде үлкен орны алады. Бұл тұрғыда ғалым Қ. Сейталиевтің кеңес дәуіріндегі білім берудің мақсат-міндетіне орай оқушыларды саналы тәртіп қалыптастыру үшін бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне сай келетін өте құнды ой – пікірлерін айқындадық.

Ғалымның тәрбие теориясының дамуын талдау барысы Қазақстандағы педагогика теориясындағы оқушыларды қоғамдық еңбекке тәрбиелеу проблемасы еңбек тәрбиесінің ең маңызды бөлігі екенін аңғартты. Оқушыларды қоғамдық еңбекке тәрбиелеу мәселелері сол кездің өзінде-ақ педагогтардың ерекше назарын аударған. Осыған орай, профессор Қ.Сейталиевтің айтуы бойынша саналы тәртіпсіз оқу мен тәрбие жұмысының табысқа жетуін қамтамасыз ету, берік ұжым құру, оқушылардың адамгершілігін арттыруға қол жеткізу, еңбекке сүйіспеншілікпен қарап және құрметпен қарауды, бар күш-жігерін аямай еңбек ете білуді тәрбиелеу мүмкін емес.

Жас ұрпақтың жеке тұлға ретінде қалыптасуына және дамуына әсер ететін негізгі фактор мұғалім мен баланың үнемі рухани қарым – қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болатыны.

Профессор Қ. Сейталиевтің те өзінің еңбектерінде ұрпақты тәрбиелеу мен оны қалыптастыру – көбіне білімді меңгеру процесінен туындайтынын айтады. Бұл жерде оқушының қалыптасуы және дамуында олардың тәртіпті болуы, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп дұрыс ұйымдастырған әрі танымдық белсенділіктерін арттыруға негізделген тиімді сабаққа байланысты екенін атап көрсетеді.

Қ. Сейталиевтің өзінің еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеп, дамытуға тағы бір әсер ететін және ықпалды жұмыстардың бірі – мектептен тыс оқушылардың жұмыстарын ұйымдастыруға көңіл бөледі. Оқушылардың мектептен тыс жұмыстарын ұйымдастыру – жеке адамның жан-жақты дамуында маңызды жұмыстардың бірі болып саналады. Оқушының мектептен тыс әрекеті мұғалім мен ата – ана бақылауынан таса болмауы қажеттігін, оны ұйымдастыруда оқушылардың жұмыс қабілеттерін ескеру, оларға

жағдай туғызып, қамқорлық жасау туралы айта келіп, Қ. Сейталиевтің «Оқушыларды тәрбиелеуде үлкен орын алатын нәрсенің бірі – балалардың мектептен тысқары уақытын, олардың демалысын дұрыс ұйымдастыру. Оқушылардың бейбастақ, бұзақы болу себептерінің көбеюі олардың жұмыссыз қарап жүргендігінен болады. Мектепте, мектептен тысқары жерде тәртіпті қатты сақтай білу оқушының негізгі бір қасиеті болу керек», – деп келтіреді [2, 102].

Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуында мектептен тыс уақыттағы тәрбие жұмыстарының маңыздылығын көрсетеді. Айталық: «... бұл үшін мұғалімдер мектепте балалар арасында әңгімелер айтуды, дауыстап қызық кітаптар оқуды, ғылыми және әдеби сауық кештерін ұйымдастыруды, музейлерге, далаға экскурсияға шығу жұмыстарын ұйымдастыруды, революциялық мейрамдарды дұрыс өткізуді басқарулары керек. Мұндай жақсы өткізілген сауық кештері балалардың эмоциясын көтереді, олардың рухани тілектерін қанағаттандырады, оқушылар мектепті өте жақсы көретін болады. Олар мектепте білім алумен қатар, күліп ойнауға да, уақытын мәдениетті жақсы өткізуге де болатындығын түсінеді».

Профессор Қ. Сейталиевтің тәрбие әдістері мен тәсілдерінің негізгісі етіп, әңгімелесу, үлгі, мақтау, жазалау, ескерту тәрізді түрлерін қарастырады. Сонымен бірге оның ойынша, балалардың арына, моральдық қасиеттеріне үлкен әсер етпеу қажет дейді.

Профессор Қ. Сейталиевтің еңбектерін талдау кезінде байқағанымыз тәрбие әдістерін пайдаланудың жіктеу ретін сақтауы. Сонымен бірге оқушы тұлғасын қалыптастыруда тәрбиенің негізгі құралдарын толық және тиімді пайдалана білуді, саналы тәртіпке тәрбиелеуде мұғалімдердің мадақтау мен жазалау шараларын шеберлікпен, педагогикалық тұрғыда сауатты пайдалануы табысқа жеткізетіндігін де ескертті. Оқушыларды қоғамдық еңбекке тәрбиелеу жөнінде оқушыларды мақтау үлкен орын алады, – дей отырып, оқушының іс-әрекетіне орай айтылатын мақтау әдісін төмендегіше талдайды: «Мақтау дегеніміз оқушының өзін-өзі ұстауындағы, болмаса сабақ оқуындағы жақсы жағын айту деген сөз. Балаларды мақтау, оларды келешекте жақсылап жұмыс істеуге, үлкен табыстарға жетуге итермелейді. Оқушыларға алғыс айту, болмаса мақтау – оларды мектеп жұртшылығының бағалай білгендігінің, қадірлегендігінің белгісі болады. Балаларға сыйлық беру және мақтау олардың сезіміне үлкен әсер етеді. Бұл қоғам мен әрбір адамның мақсатының, тілегінің бір

екендігін сипаттайды, адамға үлкен моральдық күш – қайрат береді. Бұдан былай үлкен табыстарға жетуіне сенім туғызады, оқушының беделін, көңілін көтереді. Мақтау тек балаға сыйлық беруге ғана байланысты емес. Сабақ үстінде де мұғалім түзу, жақсы жауап берген оқушыға үлкен әсер етіп отырады», – дейді [2, 152].

Өз ойын сабақтастыра келіп, мектеп өмірінде оқушылар арасында қоғамдық тәртіп бұзу, бейбастақтық жасау сияқты жаман әдеттердің кездесіп отыратынын айтады. Ондай қылықтарды тежеуді, өздерінің кінәсін түсінетіндей жол іздеуді ұсына отырып, мектепте оқушыларды қоғамдық-еңбекке тәрбиелеудің негізі – оларға қоғамдық тәртіптің керек екендігін түсіндіру, бірақ қоғамдық тәртіпті бұзатын балаларға біз әртүрлі педагогикалық шаралар қолданамыз. Біздің қолданатын шараларымыз балалардың арына, моральдық қасиеттеріне үлкен әсер етуі керек. Бұл шаралар балаларды мұқату, кекету, болмаса ұрып – соғу емес. Тек жоғарыда айтылған педагогикалық шаралардың бәрін қолданып біткеннен кейін және оқушының тәртіпті бұзуы әдейі істелініп отырған жұмыс болса ғана педагогикалық жаза қолдану керек. Оқушыларды қоғамдық – еңбекке тәрбиелеу жұмысын оларды жазалудан бастамау керек дейді.

Ендеше кейбір жеке адамның санасын қалыптастыруда тәрбие әдістерінің бірі әңгімелесудің үлкен маңызы бар екендігі туралы Қ. Сейталиев былай дейді: «Оқушымен жеке әңгімелесу – бұл олардың тәртіпсіздігімен күресудің бір жолы». Сонымен бірге Қ. Сейталиевтің еңбектеріндегі тәрбие әдістерінің бірі – жарыс ұйымдастыру. Оны ынталандыру, оқушы белсенділігін арттырып, жауапкершілігін дамытуда қолдануда ең қолайлы әдіс екенін аңғардық. Бұл жөнінде Қ.Сейталиевтің былай дейді: «Оқушыларды қоғамдық еңбекке тәрбиелеу жөнінде үлкен орын алатын мәселенің бірі – еңбектік жарыс. Еңбектік жарыстың тәрбиелік зор маңызы бар: ол артта қалғандарды алдыңғы адамдармен теңеуге сүйрейді. Еңбектік жарыстың тәрбиелік маңызының бірі – оқушылардың сабақта тәртіпті сақтауын күшейтеді, қиыншылықтарды өз еркімен жеңуге үйретеді. Еңбектік жарыс оқушылардың жұмысына жауапкершілігін арттырады, сезімін дамытады, мектеп ұжымы алдында жауапты екендігін оқушылар түсінетін болады, сонымен қатар еңбектік жарыс оқушылар арасында жолдастық қатынасты және бір – біріне көмек көрсетуін дамытады».

Біз жоғарыда Қ. Сейталиевтің еңбектерін талдау үстінде оқушыларды жеке тұлға ретінде

тәрбиелеуде мақтаудың маңыздылығына тоқталғанбыз. Ғалымның пайымдауы бойынша, оқушыларды мақтау арқылы оған сенімділік туғызудың оның санасына ықпал жасауда маңызы зор. Бұл жөнінде Қ. Сейталиевтің: «мақтаудың ендігі бір түрі оқушыларға сенімділік туғызу», – дей келіп, «Сабақты жақсы оқитын, тәртіпті балаларға сыйлық беру, грамота беру, бағалы оқу құралдарын беру, жақсы картиналар беру, ұзақ уақыт жүретін экскурсияларға және демалыс үйлеріне жолдама беру мектеп өмірінде үлкен орын алу керек», – деп, оқушыны дәл осылайша ынталандыру оның өз жетістігін, жолдастары алдындағы жауапкершілігін сезінуде мақтау тәсілінің құндылығының арта түсуін нақтылай түседі.

Автордың пікірінше: «Оқушыға сыйлыққа грамота беру – бұл мектеп жұртшылығының оқушыға жазба түрде көрсеткен сенімділігінің белгісі болды. Осы көрсетілгендердің бәрі де оқушылар арасында саналы тәртіп орнатудың негізгі шарттары болып табылады». «Бірақ, – дейді Қ.Сейталиев, – мектеп өмірінде оқушылар арасында қоғамдық еңбек тәртібін бұзу, бейбастақтық жасау сияқты жаман әдеттер де кездесіп отырады. Сондықтан біз, енді осы әдеттермен күресу жолдарына тоқталамыз», – деп жоғарыда ғалым өз ойымен айтқанындай, оқушылардағы жаман әдеттермен күресудің жолын төмендегіше жүйелі түрде береді. Мысалы, пішін, шырай көрсетуі; ескерту; ескертудің бір түрі – баланың тәртіпсіздігін жұртшылық алдында айту; ескертудің күшті түрінің бірі – журналға жазылып берілетін ескерту; сөгіс;...мектептен шығарылатыны жөнінде ескерту», – деп жас ұрпақ тәрбиесінде оның бойынан жай қылықтарды байқау кезінде, оған дереу тосқауыл қою амалын іздестіреді де, оған былайша нұсқау береді: «Бұл шаралардың бір түрі – қоғамдық тәртіпті бұзған балаларға мұғалімнің ұнатпастық пішін, шырай көрсетуі. Мұндай шараны педагогикада «дыбыссыз әсер» деп атайды [3, 75].

Қорыта айтқанда, профессор Қ.Сейталиевтің Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік жағдайларда азаматтық, басшылық саладағы қосқан үлесі зор. Оның оқу-ағарту саласын, білім беру жүйесін қалыптастырып, жоғары мектеп өмірін жаңартуға қажетті құнды еңбегі мен пікірлері педагогика мен психология ғылымы үшін де елеулі болып қалмақшы. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалын көтеруге барынша үлес қосып, ұйымдастыру шараларын жасай білген қоғам қайраткері ретінде тұлғалық орны ерекше азамат күйінде тарихта есімі ардақталуға тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Сейталиев Қ.Б. Тәрбие теориясы // Оқу құралы: Қазақ ССР Оқу министрлігі рұқсат еткен. – Алматы: Мектеп, 1989. – 160 б.
- 2 Сейталиев Қ.Б. Жалпы психология // Оқу құралы: Педагогикалық мамандықтар бағытындағы университеттер мен педагогикалық институттардың студенттеріне арналған. – Алматы: Білім, 2007. – 245 б.
- 3 Сейталиев Қ.Б. Ұстаздар ұясы // Монография. – Атырау: Атырау университеті, 1998. – Б. 165.

References

- 1 Sejtaliev Қ.В. Тәрбие теориясы // Оқу құралы: Қазақ ССР Оқу министрлігі рұқсат еткен. – Алматы: Мектеп, 1989. – 160 б.
- 2 Sejtaliev Қ.В. ZHalpy psihologiya // Оқу құралы: Pedagogikalық mamandyqtar barytyndary universitetter men pedagogikalық, instituttardyң studentterine arналған. – Алматы: Bilim, 2007. – 245 б.
- 3 Sejtaliev Қ.В. Ұstazdar ұyasy // Monografiya. – Atyrau: Atyrau universiteti, 1998. – B. 165.